**Тексерілді:**
**«Айгөлек» шағын орталығының әдіскері А.Адилова**

**Балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасы**
**«Балдырған» ересек топ Наурыз айы (1-апта)**

Өтпелі тақырып: «Нұр себеле Ұлыстың ұлы күні»
Тақырыпша: «Қазақстанның халқының салт дәстүрлері»
Апта күні:28.02-04.03.2022ж

| **Күн тәртібі** | Дүйсенбі 28.02 | Сейсенбі 01.03 | Сәрсенбі 02.03 | Бейсенбі 03.03 | Жұма 04.03 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешімен бірге балаларды қабылдау. жағымды жағдай жасау. Дене қызуын өлшеу.тазалығын тексеру арнайы журналға тіркеу. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу | «Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде» әңгімелесу. | | | | |
| Ойындар (үстел үсті саусақ және т.б. ) | **Үстел үсті ойыны**<br>№ 11 «Мозаика»<br>Мақсаты:<br>Балаларға әр түрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбек-сүйгіштікке тәрбиелеу. | **Саусақ жаттығуы**<br>№24. Кіші шармен жаттығу.<br>Мынау менің оң қолым,<br>Мынау менің сол қолым.<br>Кіші шарды аламын,<br>Жаттығу жасаймын.<br>Оң қолым мықты болсын!<br>Сол қолым мықты болсын!<br>(Екі шарды алақанға салып, уысқа қысу, оң, сол қолды көрсетіп, жаттығу жасау). | **Сергіту жаттығуы**<br>Желменен ағаштар<br>Тербеледі әрдайым<br>Бір иілді,екі иілді<br>Сыңғырлады жапырақтар | **Үстел үсті ойыны**<br>№ 1 «Суреттер құрастыру»<br>Мақсаты:<br>Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әр түрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру. | **Үстел үсті ойыны**<br>№ 6 «Көкөністер-жемістер лотосы»<br>Мақсаты:<br>Жемістер мен көкөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсінктерін кеңейту. Олардың аталуын, бір-бірінен айырмашылығын, адам аулығына маңызын білу. |
| Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | Таңертеңгі жаттығу кешені | | | | |
| Таңғы ас | Дастарқан басында өзгелердің тәбетін бұзатын қылық жасамау, тағамды езгілеп қисынсыз әңгімелер айтпау. Ас үстінде көп сөйлеп, көп күлмеу т.б. | | | | |
| Ұйымдастырыл ған | **Дидактикалық ойын:** | **Сергіту жаттығу** | **Дидактикалық ойын:** | **Дидактикалық** | **Саусақ жаттығуы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырыл ған оқу қызметіне дайындық | **Дидактикалық ойын:**<br>№ 1«Біреу және көп»<br>Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету | **Сергіту жаттығу**<br>Бір,екі,үш,төрт,<br>Жиналамыз бәріміз<br>Бір,екі,үш,төрт,<br>Секіреміз бәріміз<br>Бір,екі,үш,төрт<br>Отырамыз бәріміз | **Дидактикалық ойын:**<br>№ 4«Ою-өрнектерді ата»<br>Мақсаты: Қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру, атай білуге үйрету. | **Дидактикалық ойын:**<br>№ 1«Ағаштарды ата»<br>Мақсаты: Ағаштар атау, өсімдіктерге күтім жасауға үйрету, олардың пайдасы және биік- аласа ұғымдарын ажырата білуді үйрету. | **Саусақ жаттығуы**<br>№5. Жел<br>Шөпті қозғап жел еседі.<br>Шөптер дыбыс береді,<br>Ш-ш-ш-ш<br>Жел ақырын басылды<br>Шөптер де дем алды. |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Қазақстанның салттары мен дәстүрлері<br>Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүр түрлерімен,соның ішінде бесікке салу дәстүрімен таныстыра отырып, балалардың сөздік қорына бесік жабдықтарының атауларын дұрыс атай білуге үйрету.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**Саукеле<br>Мақсаты: Ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту, сурет салу іс-әрекеті арқылы баскиімдерді әшекейлеу, ұлттық | **Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Геометриялық денелер. Шар<br>Мақсаты: 10 көлеміндегі сандарды тура, кері санауды қайталау. Сандар құрамын бекіту. Балаларға көлемді денелер: шар туралы түсінік беру. Қоршаған ортада сәйкес пішіндегі заттарды табуға үйрету. Ойын арқылы танымдық қабілеттерін, логикалық ой - өрістерін дамыту. Тапсырманы ұқыпты, таза | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырбы:** Әже(өлеңді жаттау) Әбубәкір Қайранов<br>**Мақсты:** Ә Қайрановтың «Әже» туралы өлеңінің мазмұнын ашу; өлең ырғағымен келтіре отырып әр шумағын қайталау,жаттау; балаларды әже туралы өз ойларын айтып жеткізуге дағдыландыру;балард ы үнкенді сыйлай білуге, әжені құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Еліміздің ірі қалалары. | **Музыка.**<br>Жетекші маман жоспары бойынша<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Жетекші маман жоспары бойынша<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Моншақ пен білезік<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыты.** Қазақ батырлары | **Дене шынықтыру**<br>Жетекші маман жоспары бойынша<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** Қазақтың ұлттық аспабы домбыра<br>Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық аспабы домбырамен таныстыру. алалардың қол моторикасын жетілдіру және эстетикалық талғамын арттыру. Безендіру арқылы әдемілікті сезіне білу қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ерекшеліктерін ажырата білу, іскерлік дағдыларды меңгерту<br>**Музыка**<br>Жетекші маман жоспары бойынша | орындауға тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>«К нам пришла весна»<br><br>**Денешынықтыру**<br>Жетекші маман жоспары бойынша | Мақсаты: Еліміздің ірі қалалары туралы мағлұмат беру, олардың көрікті жерлерімен танысу. Еліміздің ірі қалалары туралы білімдерін кеңейту. Туған елге сүйіспеншілік сезімдерін ояту, отансүйгіштікке тәрбиелеу | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | | | | |
| Серуен | **Карточка№2**<br>Бақылау: Күнді бақылау<br>Мақсаты: Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету. Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Күн мен бұлт» | **Картотека № 4**<br>Бақылау: Аспанды бақылау<br>Мақсаты: Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету.<br>**Қимылды ойын**:<br>«Қазым,қазым қаңқылда!» | **Картотека № 6**<br>Бақылау: Қардың алғашқы еруін бақылау<br>Мақсаты: Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару. Байқампаздықты дамыту.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Жүгір-отыр-жүгір!»<br>Көркем сөз: Қар еріпті далада,<br>Қар еріпті қалада.<br>Тамашалап<br>Көктемді,<br>Шығамыз біз далаға | **Картотека №11**<br>Бақылау: Ағаштарға бақылау жасау<br>Мақсаты: Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету.Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ағаштан ағашқа» | **Картотека №20**<br>Бақылау: Ұяларды бақылау.<br>Мақсаты: Ағаш басындағы қарғаның ұясы мен шатырдың астындағы торғайдың ұясын салыстыру. Балалардың бақағыштығын және білуге құмарлықтарын дамыту.<br>**Қимылды ойын: «Ұшу»** |
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау.Жинақылыққа тәрбиелеу.Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| Түскі ас | Ас мәзірімен таныстыру.Түзу дұрыс отыруын қадағалау.Қасықты оң қолға, нанды сол қолға ұстауды үйрету. Тамақ үстінде жан жағына қарамай дұрыс және сөйлемей отыруға,.рахмет айтуға үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Түскі ұйқы | Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | **№1.**<br>**Төсекте жатып жасайтын жаттығулар** ( 2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап<br>төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз ( 2- 4 рет) | **№21.Алақаныңды көрсет.**<br>Қолдары иықта, Қолдарды алға созу, алақан көрсету.<br>Қалыпқа келу.<br>Қайталау, сол жаққа, алақан төменде.<br>Қалыпқа келу. | **№7. Майтабанның алдын алу. ( 2 минут)**<br>Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру.<br>Арнайы жолдармен жүру.<br>Орындықта отырып аяғымызды оңға солға тербету. ( 3- 4 рет) | **№19.Велосипед тебу.**<br>1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға ,солға бұрады.<br>2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму.<br>3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу.<br>4. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ-қолды созу. | **№13.Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар.** ( 2 минут)<br>Ойын: Тербеледе ағаштар екі қолымызды жоғары көтеріп оңға солға еңкею.<br>Жаңбар жауды қолымызды жоғары көтеріп шапалақтау.<br>Жапырақтар жерге түсті тіземізді бүкпей еденге қолымызды тигізу.<br><br>4 Демалу жаттығулары<br>Жел соқты уууу уууу уууу<br>Жапырақтар желмен ұшты шшш шшш шшшш |
| Бесін ас | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сюжетті-рөлдік ойын**<br>«Жүргізушілер. Гараж. Жол полициясы»<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды ойналатын ойынның кезеңдерін алдын ала жоспарлауға, берілген ойынға қажетті заттарды табуға, алуан түрлі алмастырушы- | **Сюжетті-рөлдік ойын**<br>Шаштараз»<br>**Мақсаты:** ойын желісін өздігінен дамыта білуді, тақырыбын келісіп алуды, рөлдерді бөлісе білуді қалыптастыруды жалғастыру<br>Ойында рөлдік өзара әрекеттестікті құруға және рөлдік өзара қарым- | **№7. Дид.ойын:**<br>«Көңіл-күйін ата»<br>Мақсаты: Көңіл-күйін атай, ажырата білуге үйрету.<br>Қадағалауға , дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу.<br>Әр көңіл- күйінің дұрыс-бұрыс жақтарын айтып түсіндіру.<br>Көрнекі құралдар: Көңіл-күйі бейнеленген балалардың | **Саусақ жаттығуы**<br>**№4. Жауын**<br>Жауын жауын жау-жау.<br>Егін басын бау-бау.<br>Жауын жауып.<br>Біз тығылайық қоя тұр.<br>Жауын – жауын жау-жау.<br>Жаумай енді қоя тұр.<br>Балалардың олды көбі су. | **Үстел үсті ойыны**<br>**№ 1 «Суреттер құрастыру»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әр түрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| заттарды қолдануға үйрету. | қатынастарды меңгеруге мүмкіндік туғызу | суреттері | | |
| Нұрай бояуларды таңдай білуді және қарындашты қалай ұстау керектігін үйрету | Айшаға ертегі желісін сахналауды үйрету | Нұрасыл пішіндерді үйрету. | Дінмұхамед ж-дыбысынанық айтуға үйрету | Айару мен Алиді ойыншықтардың түрлері жайлы дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. |
| Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу | | | | |
| Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру | | | | |
| Балалардың балабақшаға кешікпей келуі туралы ата-аналарға ескерту.Келерде бетперде киіп келуін сұрау | | | | |